

Қарасай ауданында мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу мөлшерін және тәртібін айқындау туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Қарасай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 20 мамырдағы № 5-4 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2016 жылы 14 маусымда № 3888 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қарасай аудандық мәслихатының 2020 жылғы 4 қарашадағы № 61-4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қарасай аудандық мәслихатының 04.11.2020 № 61-4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" 2002 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 4) тармақшасына және "Әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы" 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің бұйрығына сәйкес, Қарасай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Мүгедектер қатарындағы кемтар балалардың (бұдан әрі – кемтар балалар) ата-аналарының және өзге де заңды өкілдерінің жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу (бұдан әрі – оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу) тоқсан сайын сегіз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айқындалсын.

2. Келесі тәртіп айқындалсын:

1) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алуды "Қарасай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен жүргізіледі;

2) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу кемтар балалардың ата-анасының біреуіне немесе өзге де заңды өкілдеріне (бұдан әрі – алушы) беріледі;

3) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу үшін алушы келесі құжаттарды ұсынады:

өтініш, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279 бұйрығымен бекітілген "Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу" мемлекеттік

көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – Стандарт) 1-қосымшасына сәйкес
н ы с а н б о й ы н ш а ;

алушының жеке басын куәландыратын құжат;
тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат (мекенжай
анықтамасы немесе ауыл әкімінің анықтамасы);
психологиялық – медициналық – педагогикалық консультацияның
қ о р ы т ы н д ы с ы ;

"Медициналық – әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің
2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша
мүгедектігі туралы анықтама;
банктегі шоттың болуы туралы құжат;

Стандарттың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мүгедек баланы үйде
оқыту фактісін растайтын оқу орнының анықтамасы;

4) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу психологиялық –
медициналық – педагогикалық консультацияның қорытындысында
көрсетілгендей, кемтар баланы үйде оқытудың қажеттілігі танылған сәттен
бастап бір жылға тағайындалады және көрсетілген кезеңге тоқсан сайын төленеді
;

5) алғашқы тағайындалған жағдайда оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп
алу өтініш берген күннен бастап төленеді.

3. Қарасай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 қарашадағы "Қарасай
ауданында мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары
бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу мөлшерін және
тәртібін айқындау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу
Тізілімінде 2014 жылдың 18 желтоқсанында № 2962 тіркелген, "Заман жаршысы"
газетінде 2015 жылдың 01 қаңтарында № 1 "8919" жарияланған) № 36-6
шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Аудандық мәслихат аппаратының бас маманы Рымбаева Баян
Садырбайқызына осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен
кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан
Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және аудандық
мәслихаттың интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қарасай аудандық мәслихатының "
Халықты әлеуметтік қорғау, білім, денсаулық сақтау, мәдениет, тіл және спорт
жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

6. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап
күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың кезектен тыс

5-ші сессиясының төрағасы

Аудандық мәслихаттың хатшысы

А. Исаева

Е. Қалиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК